

Үй тапсырмасы

1. Сын есімнің шырайларының жасалу жолы қалай. .

2. Сын есімнің шырайларын пайдаланып құрап келген он сөйлем ді оқыңыз.

Өткен сабақты қайталау

Үлгіге қарап толтырыңыз.

Жай шырай

Салыстырмалы
шырай

Күшейтпелі
шырай

Асырмалы шырай

Әдемі

әдемірек

әп-әдемі

өте әдемі

Суық

Жылы

Жарық

Қауіпті

Жақсы

Тұнық

Көк

Биік

Көрікті

Үлкен

Ауыр

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ



Бейнематериал (8)



Жалпы мәлімет



Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава=жаңа + рэзаңһ=күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но=жаңа + роуз=күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді. 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес 21 наурыз - Халықаралық Наурыз күні болып қабылданды.



Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн: 21-23 наурыз аралығында аталып өтіледі (2010 жылдан бастап). Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда - 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі.





⦿ **Наурыз көже– ұлттық тағам. Келер жылғы молшылықтың жоралғысы ретінде наурыз тойында әрбір шаңырақта міндетті түрде әзірленген. Халықтық дәстүр бойынша оған бидай, тары, сүр ет, бұршақ, сүт, су, тұз сияқты кем дегенде жеті түрлі азықтық заттар міндетті түрде қосылуы тиіс. Тақ санын сақтап, мұндай заттар көбейтіле беріледі. Соғымнан арнайы сақталған мүшелер (қазы, қарта, шұжық, т.б.) де қосылады. Ол негізінен бидай көже, тары көже секілді әзірленген (қысқаша Көже). Наурыз көжені халық арасында “тілеу көже”, “көп көже” деп те атай береді. Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: “ақ мол болсын” деген тілек айтып тарқасады.**

⦿ **Жасалуы:** Ол үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай, жүгері, асбұршақ, күріш тәрізді қоректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып тағы бір қайнатып аласыз. Асыңыз дәмді болсын!



ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫМЫЗ ОЙНАЛАДЫ



Қыз қуу



КӨКПАР



Жаңа сабақ

Болжалдық сан есім

Заттың санын болжап көрсетеді.

Сұрағы: қанша? неше?

(сколько?)

қай шамалы?

(приблизительно сколько?)

қаншадан?

(по сколько?)

Сан есім	Болжалдық сан есім	Бөлшектік сан есім
Жүз		
Төрт		
Сексен		
Екі		
Он, он екі		
Екі жарым		
Мың		
Жарты		

1-топ

Диалогты оқып өзара
сөйлесу мағынасына
ажырату

Баласы: Әке, сағат неше
болды?

Әкесі: сағат сегіз жарым
болды. Қайда барасың?

Баласы: Банкке

Әкесі: Банк нешеде
ашылады?

Баласы: Тоғыз жарымда
ашылады?

Әкесі: Онда не істейсің?

Баласы: Ақша
айырбастаймын.

2-топ

Диалогты оқып өзара
сөйлесу мағынасына
ажырату

Баласы: Ана, сағат неше
болды?

Анасы: Сағат жеті жарым
болды. Жұмысың бар ма?

Баласы: Ия. Сайлаудың
жұмыстарымен “Нұр Отан”
ғимаратына барамын.

Анасы: Қай уақытта үйде
боласың?

Баласы: Сағат бір жарымда
келемін

Мәтінді оқып, сан есімдерді тауып, мағыналық түрлеріне ажыратыңдар.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін жариялады.

Тәуелсіздік алып, еркіндікке қол жеткіздік, Әнұранымызды асқақтатып шырқап, Туымызды биікке көтердік.

Бүгінгі таңда Қазақстанды әлемнің 120-дай мемлекеті танып, 70-тен астам мемлекетпен елшілік дипломатиялық қатынас орнаған. Осы 30 жыл ішінде тәуелсіз мемлекетімізде көптеген өзгерістер енді. Білім саласында жаңа типті мектептер, лицейлер, гимназиялар мен колледждер ашылды.

Мәтін бойынша сұрақтар.

- 1.Қазақстан өзінің тәуелсіздігін қашан жариялады?
- 2.Бүгінгі таңда Қазақстанды неше мемлекет таниды?
- 3.Тәуелсіз мемлекетімізге көптеген өзгерістер қанша жылда енді?

1. Екі, төрт, бір сан есімдерінен реттік сан есім жасаңдар

2. Қосарлану арқылы жасалған болжалдық сан есімдерге мысал келтіріңдер.

Ата-бабаларымыз аңсаған азаттық пен тәуелсіздікті алдық.

Ендігі мәселе – соны ертеңге жеткізу, келесі ұрпаққа, болашаққа Қазақстанның осы тәуелсіздігін аманаттау.

3. Жұмбақты шешіп, сан есімдерді мағынасына қарай ажырат.

Екеуі қарауыл қарап тұр,


Төртеуі ұйықтап жатыр.

Біреуі қамыр басып жатыр.

4. Алты, төрт сан есімдерінен болжалдық сан есім жасаңдар.

5. Қандай сөздердің тіркесуі арқылы болжалдық сан есімдер жасалады? Мысал келтір

Сабақты бекіту

1. Сан есім дегеніміз не?
 2. Сан есімнің қандай түрлері бар?
 3. Бүгінгі сабақта не үйрендіңіз?
 4. Алдағы уақытта не үйренгіңіз келеді?
 5. Сан есімдер күнделікті өміріңізде пайдаға асама?
- 

Үйге тапсырма

**«Наурыз мерекесі» деген тақырыпта шағын
ойтолғау жазып келу және соны түсінігін
айту.**

Назарларыңызға рахмет!

